

ӨОЖ 82:81-26; 82:81'38

А.К. Анипина

Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

E-mail: aliya_anipina@mail.ru

Ли Бай өлеңдерінің идеялық-тақырыптық негізі

Аңдатпа. Қытай поэзиясында көркемдік-эстетикалық жағынан қуатты, тілдік-бейнелік жағынан өрнекті ерекше жанр – лирика. Қытай лирикасы – қытай ұлтының сөз өнерінің ең арналы, поэтикалық қуаты ерекше жанры ретінде көрініс тауып отырғаны әдебиеттану ғылымында жан-жақты зерттелініп келеді. Қытай лирикасына ерекше өрнек әкелген, даралық стилімен көрінген ақындардың бірі – Ли Бай. Ли Бай шығармашылығы VII ғ. және VIII ғ. тарихи-қоғамдық өзгерістермен, Қытай өнерінің мәдени серпіліс кезеңімен, қытай халқының тарихи-мәдени өмірімен тығыз байланысты. Ойшыл суреткердің лирикалық шығармалары қытай халқының ұлттық әдебиеті мен мәдениетінде ерекше орын алады. Ли Байдың лирикалық шығармалары – ұлттық және әлемдік сөз өнерінің жетістіктерін өз бойына жинақтаған әрі оларды бойына сіңіріп, ақынның даралық стилін айқын танытқан туындылар. Оның ұлттық танымы мен көркемдік қуаты шығармаларының маңыздылығын ашып көрсетеді. Берілген мақалада Ли Бай лирикасының жанрлық-көркемдік мәселесі жан-жақты, кешенді түрде қарастырылады.

Түйін сөздер: поэзия, лирика, идея, стиль, мотив, творчество, метафора, конфуцийлік рационализм.

Сөз өнерінде, жалпы өнерде идеяның алар орны ерекше. Адам өмірінде, өнерде, ғылымда идеяның орнын айқындауда қаншама ой, пікірталасы болып жатады. «Бәрінен идея қымбат» деген ғылымда қанатты сөз де бар. Поэзияда, оның ішінде лирикалық шығармалардағы идеяның орны туралы да пікірлер айтылып отырады. Сол шығарма дүниеге келген соң да, оның айтар идеясы не деген сауал зерттеушілердің де, оқырманның да ойын мазалары сөзсіз. Көркем идея көркем оймен қабысып жатады. Идея туралы, оның мазмұн мәні жайында академик Зейнолла Қабдолов мынадай тұжырымды пікір айтады: «Идея, көркем идея – әдебиет пен өнер шығармасының өзегінен алынған жинақтаушы, эмоциональді, образды ой. Көркем ойдың нысанасы болып көбінесе белгілі бір дәуір шындығы неғұрлым айқын көрінетін өмірдің жекелеген құбылыстары алынады. Идея жазушының осы өмір құбылыстары туралы айтқысы келген ойы мен беретін бағасын білдіреді. Әрбір әдеби шығармада көркем шешімін тапқан идеяның терең тамыры сол шығарманы тудырған суреттердің дүниетанымына, әлеуметтік

көзқарасына жатады.

Көлемді шығармада бірнеше тақырып және соған сәйкес идея да кездеседі. Ал лирикалық шығармаларда, әрбір өлеңде өзіндік идея болады. Сонымен қатар ақынның даралық стилі қалыптасатын, ұлттық идеясы айқын болса тұтас поэзияның циклдік шығармаларын біріктіріп тұратын да идеяның болары анық. Онда халық тағдыры, адамзат қоғамы, жер бетіндегі экологиялық мәселелер көрініс табуы мүмкін. Жалпы көркем шығарма ең алдымен өзінің идеялылығымен құнды. Көркем шығарманың идеялылығы туралы академик Зәки Ахметов мынадай пікір айтады: «Шығарманың идеяның әсерлілігін арттыратын оқушыны толғанып, тебіrentетін – көркемдікпен көрсетілген өмір шындығы, сол шындықтың неғұрлым терең, тегеурінді болуы. Әдеби шығармада суреттелетін жағдайдың өзінен-өзі ешбір күштеусіз еркін туатын қорытынды түйіндер ғана нағыз қуатты көркемдік идея деп санауға лайық. Мұндай нағыз көркемдік идеялар жасанды, жаттанды идеялар емес, шығарманың өн бойынан көктеп, жабыстырған жанама нәрсе де емес, сол

шығарманың жаны, бойындағы қаны секілді, бөліп алуға келмейтін ажырамас ішкі қасиеті, оқушыға беретін идеялық әсері, шығарманың ішкі құрылыс-бітімімен біте қайнасып, кірігіп кеткен ой-пікірлер, идеялық нысаналар, шығармадағы толғаныстардың тоғысында туатын ой-түйін»[1,292 б.].

Идея қашан да табиғатпен үндестікте дамиды. Сол шығарманың тақырыбынан, мазмұнынан оның идеясы көрініс тауып отырады. Идея тіпті суреткердің тұтас стилінен де көрініс табады. Идея барлығына жолашар тірек, қуат. «Сөздің ішкі формасын қарастырғанда стильдің идеялылығы айқындалады» [2, 361 б.] – дейді ғалым А.В. Чичерин.

Идеяны танудың қиындығы сонда, онда ақынның арман мұраты, ой-сезімі үндесіп келіп жатады. Өлеңнің өз ерекшелігі туралы айтқанда, лирикалық поэзияның жанр ретіндегі ерекшелігін де естен шығармауымыз керек. Лирикада ой мен сезім бірлесіп, терең қабысады. Оған тартымды күш-қуат дарытатын – алғыр оймен суарылған жалынды сезім. Өмір, дүние, адам тағдыры жайлы үлкен толғаныстан тумаған, жай сезімшілік поэзияны жандандыра алмайды. Лирикада үлкен ойтаным жатыр. Жай ғана сезімшілдік, мақсатсыз идеясыз дүние адамзат танымына терең әсер етуі неғайбіл. Ли Байдың лирикасындағы ең басты идея, негізгі тақырып – еліне, Отанына деген махаббаты. Ақынның отанына деген махаббатын қарапайым сөзбен айтып жеткізу жеткіліксіз.

Ай сәулесі айнадай су бетіне,
Мұнар қымтап айдыңның түү шетіне.
Атандым мен алысқа серік тапшы,
Туған жерді жанымдай көріп жақсы [3,
342 б.].

Ақын өмір бойы туған елін жақсы көріп өткен, ол туған жерінің керемет жерлерін жырға қосқан.

«Сынған тал» әнін тыңдадым,
Сырлы саз тұнған көктем бұл.
Отаным менің – гүл бағым,
Ән болып жанға төккен нұр [3, 359 б.].

Ли Байдың ақындық диапазоны өте кең. Мәселен, адамның жас мөлшері арнайы тақырып етіп алынып жазылған өлеңдері де бар. Мысалы, басқасын айтпағанда жастық туралы өлеңдері баршылық. Жастық туралы өлеңі өзінің

ырғағымен елітіп әкетіп, жастықтың жалынын байқатады:

Жас келіншек жас гүлдей бір,
Махаббатқа мас күндер бұл [3, 452 б.].

Ақын жастықтың жалынын, мастығын, жүрек лүпілін, сезімін ерекше жырлайды. Ақын жастық шаққа жарасымды құмарлықты, шын ғашықтың ынтықтығын, ынтазар көңілін, өмірдің динамикасын өлең жолдарына айна қатесіз түсіреді.

Бала кез кекілімді желкілдетіп,
Мен есіктен шығушы ем гүл сындырып
[3, 427 б.].

Балалық шақтың балдәурен алаңсыз өмірін ақын осы шумақтар арқылы көрсетеді.

Қиялым қанат қағады,
Сол бұта болып кетер ме ем.
Көрші әйелдің, шіркін-ай,
Көйлегін сипап өтер ме ем [3, 442 б.].

Ақынның жастық шағындағы махаббат сезімдерін әртүрлі жағдайларда суреттейді, көрші әйелдің сұлулығына тәнті болған ақын оның қасынан табылуды арман етеді, онымен бір ауа жұтсам арманым болмас дейді.

Жастықтың жалыны, ақылдың сезімге басшылық бергені шынайы суреттеледі. Жастықтың жалынын, жастықтың қызығын, жастықтың қызуын бейнелеп берген қуатты өлеңдер қатарына кіреді. Жастық шақ – поэзиядағы ең мол көрініс тапқан тақырып. Дегенмен біздің ойымызша, жастықтың өзіне тән ерекшелігін жалынымен бейнелеуде Ли Бай өзгеше дарынын байқатқан. Барлық қимыл, қозғалыс адресаттың көз алдында өтеді. Оқырман өзінің қатыстылығын сезінеді. Оқиғалар тізбегі өріс тауып дамып отырады, бір солғындамайды. Ақын шеберлілігі дегеніміз осы, алған тақырып толық меңгерілген. Ақын жастықтың ләззатына бірдей бой ұрғызбайды, ынтықтырып, барып қолын жеткізеді. Оны мына жолдар аңғартады:

Арулар түстікте туады,
Көз тартады ой шалқып.
Аймалап жанның шуағы,
Кетеді көрсең бой балқып [3, 243 б.].

Осы үрдіс шарықтау шегіне жеткенше бір сарында дамиды. Қуатты теңеулер тіпті ынтықтыра түседі, мәселен, «Көз тартады ой шалқып», «Кетеді көрсең бой балқып» деу бәрі-

бәрі жастық шақтың, оның өз ерекшелігін ашуға қызмет етіп тұр. Өлеңнің түйін шумақтарының өзінде құмары қанбаған, жалыны басылмаған жастық өз шуағын молынан төгеді.

Ли Бай ғашықтардың жай-күйін шынайы бейнелеген, уақыт болса тар, таң болса атып қалды. Ал жарды тастап шығу одан да қиын мәселе болып тұр. Шығарып салып тұрған ішкі сезімді айтып тауысу мүмкін емес.

Ақын екі асық жастың мына дүниеге сый-маған жалынды сезімін бір өлеңге сыйғызған. Өмірге құштарлық, сезімге ынтазар көңілдің шарпысуы мейлінше қою болумен терең суреттеледі. Өлең терең лиризмге, сезімді психологизмге құрылған. Тебіреніссіз оқи алмайсыз. Жастықтың жалынына, оның мұхиттай шалқыған шырынына сіз бірге шомыласыз. Ли Бай қай тақырыпқа бармасын оны мейлінше иің қандырып, қанық болумен береді. Ақынның суреткерлік қуатының бұл бір қыры деп танимыз.

Ли Байдың жастық жайлы өлеңіне қарама-қарсы тақырыпта кәрілік жайлы да жазған өлеңдері бар. Бұл тақырыптар дәстүрлі тақырып. Көптеген лирик ақындар осы екі жағдайды жырламай кетпейді. Ли Бай бұл тақырыптарға да өз даралығымен келеді. Ли Бай адам өмірінде міндетті түрде келетін кәріліктің болмысын нақты ашып берген. Ақын өлеңнің алғашқы шумақтарының өзінде жастық пен кәрілікті әдейі біріне-бірі қарсы қойып алады:

Жас әйелің сияқты ғой әсем гүл,
Сүюге де, күюге де лайық.
Мен қартайдым, мені тулақ десең бір,
Келісемін, бола қоймас бұл айып [3, 411 б.].

Осылай деп жастық пен кәрілікті салыстырып алған соң, өзі тақырып қылып алған кәрілікті бейнелейді:

Әжім басты ақ жолақ,
Менің де әппақ бетімді [3, 209 б.].

Ли Байда қайсыбір тақырып мотив деңгейінде көтерілген. Мәселен, жалғыздық мотивін алайық.

Жалғыздық түпке жетер ме?
Күн-түні оны ойлаймын.
Көз жасты төгіп бекерге,
Құрдымға түпсіз бойлаймын [3, 370 б.].

Негізінен бұл өлеңдегі басты мотив – жалғыздық. Ойшылдың эстетикалық

концепциясындағы жалғыздық асқақтығымен ерекшеленеді. Ли Бай жалғыздықты ойға, іс-әрекетке еркіндік, тәуелсіздік беретін сый, құт ретінде қабылдайды. Ли Бай табиғат аясында оңашаланып, туған-туыс, ауыл-аймақтан алыс тұруды осындай еркіндікті алудың жолы ретінде қабылдағанға ұқсайды.

Дариға дәурен өтеді,
Күн батты тағы қырсықпай.
Болды қарт ерен ер еді,
Жас шағы елес береді [3, 347 б.].

Тұлғаның бұл арманын түсіну қиынның қиыны. Бірақ ол жалғыздыққа қуғын көріп емес, өзінің қалауы бойынша кеткен. Ли Бай поэзиясындағы жалғыздық еркіндікке ұмтылыс деп түсінген жөн. Қаламгер жалғыздықты тек құдайға ғана тән қасиет екенін білген. Соған ынтазар сезімді поэзия тілімен бейнелеген. Ол өзінің жалғыздығына ешкімді кінәламайды, керісінше елден кешу сұрап оны түсінулерін, сөз қылмауын сұрайды.

Ли Байда жалғыздық мотиві өмір мақсатымен байланысты. Жалғыздық ойлануға, толғануға жол ашады деген түсінік қоғамдық санада бұрыннан бар. Яғни жалғыздық – еркіндік, тіпті қажет десеңіз тыныштық. Бұл ақынның терең ойға деген құрметінің көрінісі. Ли Бай лирикасында жалғыздық мотивінің көрініс тапқаны тағы бір өлеңінен байқалады:

Ескі жұртта қалдым жайлау көшкендей,
Өксідім мен алдамшы үміт өшкендей
[3, 259 б.].

Ли Байдағы жалғыздықта протест, көпке қарсылық бар. Ол тек жек көру қарсылығы емес, түзелсін, дұрыс жолға түссін деген ниеттен туған қарсылық. Бұл тек қана дана тұлғаларға жарасатын қылық. Ойлансын деп, елдің қамын ойлаған харекет. Ли Бай – поэзияны аса құрметтеген адам.

Жүзімнен әжім кетпейді,
Қыраулы қыстай шаш әппақ.
Сұлуға қолым жетпейді,
Жабыға қойды қосақтап [3, 247 б.].

Ли Бай поэзиясының жаңашылдық сипаты жайында Александр Мещеряков былай дейді: «Қатып қалған поэтикалық қалыптардың заманында Ли Бай жұрттың бәрі жазатын өлең өлшемдерінен бас тартты, оның мұнысын

былайғы жұрт әдеби әдепсіздік деп білді» [4, 361 б.].

Ақынның қытай өлеңінің жыр жүйесіне енгізген жаңалықтары жөнінде «Өзіне дейін кең тараған қатарлас сөздерді қайталау әдісінен бас тарта отырып, Ли Бай төрт жолдық және жеті буындық өлең өрнегінде бөлекше шеберлікке қол жеткізді» [5, 13 б.].

Ли Бай – лирикалық шығармалар жазумен айналысқан, творчестволық фантазияға толы, көңіл-күй сезімдеріне толы өлеңдер жазған. Қытай әдеби сыншылары оның өлеңдері барлығын қамтиды, аспан жылқысы секілді кеңістікте ағып барады, өзінің артынан із қалдырмайды, сондықтан оны таба алмайсың; кейде қарлығаш секілді судың бетімен ұшып бара жатады, кейде мында, кейде анда, оны ұстай алмайсың. Ли Бай көп шығармаларында жаңа қоғамдық тәртіпке көңілі толмайтындығын көрсетеді, оның кезінде күштілер ғана билікке отыратын, ол болса әлі де керемет қоғамдық құрылымға ұмтылатынын көрсетеді.

Ли Байдың жалпақ қытай жұртын қайран қалдырған ең ерекше сипаттарының бірі – өлеңді суырып салып шығаруы. Моцарт секілді данышпандар ғажайып музыканы күйсандыққа отыра қалып туындата жөнеледі дейтіндей, Ли Бай жайында да ол қолына қалам ұстасымен өлең өзінен-өзі өріле кететіні жайлы аңыз аз емес. Негізінде, либайтанушы Леонид Бежиннің: «Ли Бай өлең бірінші жолынан соңғы жолына дейін қағазға түсе қалатындай болып пісіп-жеткен кезде, қиялының ең шарықтаған тұсында, ақындық шабыты қысқан шақта ғана қолына қалам ұстайтын» [6, 18 б.] дегені шындыққа көбірек келіңкірейді. Қалай дегенде де Ли Байдың суырып салмалық өнерінде далалық дәстүр сабақтастығы жатқаны анық.

Ли Бай поэзиясы метафора байлығымен де ерекше. Бүгінде қытай жырында тұрақты теңеу ретінде орныққан бейнелердің талайы әуел баста Ли Бай өлеңдерінде кездескен дейді зерттеушілер. Айталық, қырау түскен қоңырау деп Ли Бай жүректің пернелерін бырт-бырт үзе жаздағандай қиналысты сәттерді айтады. Аңыз бойынша, Финьшань тауының биігінде тоғыз қоңырау бар екен, әлгі қоңыраулар қырау қонса да қозғалақтап, қайғылы әуен шығара бастайды екен. «Қызыл шаң» деп ақын сарай маңындағы санасыз сәнденуді айтады. Ақын жырларында «төрт теңіз» деген ұғым кездеседі. Ежелгі

географиялық ұғым бойынша Қытайды төрт теңіз қоршап жатыр деп саналған. Конфуцийдің: «Алып ер құдіретке құрметінен таймаса, кісіге кішіпейілділігінен айнымаса, төрт теңіздің шегіндегі адам атаулы соның бауыры емес пе?» дейтіні де содан. Төрт теңізді қатар көру үшін адам Ғарыштан қарауы керек. Ақын Аспанасты еліне сол биіктен көз сала білгендей [7, 214 б.].

Ақынның дүниетанымында күрделі кереғарлық орын алған еді деп жазады О. Фишман өз кітабында. Бір жағынан, конфуцийшілдік ықпалмен қоғам өміріне ықпал жасауға тырысса, екінші жағынан, жалпы мемлекеттік атаулыны теріске шығаратын даошылдық ықпалмен сол кездегі саяси өмірге көңіл толмаушылығы күшейе түседі. Конфуций идеясы мемлекетті басқару өнері, ең алдымен, әр адамды қоғамдағы лайықты орнына қоюдан көрінеді деп үйретеді. Ли Байдың императорға кеңесші болу ниеті қайтсем елге бір пайдам тиер деген ойдан шыққан. Даошылдық диуаналыққа салыну сол замандағы қытай зиялы қауымының адамның тұлғасын тұсаулап тастайды деп санаған конфуцийшілдікке өзінше қарсылығының бір түрі еді.

Негізінде, Ли Бай шығармашылығында конфуцийлік рационализм даошылдыққа тән табиғатпен етенелік идеялармен қойындасып кеткендей көрінеді. Соның өзінде де Ли Бай жырларына өркениетті теріске шығарып, кіршіксіз табиғатты тазалықтың үздік үлгісі етіп көрсететін даошылдықтың әсері көбірек дер едік. Ли Байдың табиғатпен тамырласып кеткені сондай, одан тау-тауда жүргенінде аңдар қорықпайтын, құстар үрікпейтін болғанын замандастары таңдана сөз еткен. Ли Бай өзін «табиғаттың он мың туындысының бірімін» дейді. Астананы, шытырман шырғалаңы бір бітпейтін император сарайын тастап шыққан ақын ендігі бар арман-аңсарын табиғатпен тілдесуден табады. Жабырқаулы жанының жұбанышын бал шараптан да іздейді.

Ли Байдың лирикалық шығармаларын зерттеу барысында байқайтынымыз тақырыптың сан алуандылығы: заман көрінісі, туған жеріне деген сағыныш, халық қамы, ел күйзелісі, жалғыздық сезімі, қу байлар жайлы ой-толғанысы, табиғат жайлы, кәрілік жайлы т.б., бәрі-бәрі данышпан ақынды толғандырады. Адамның көңіл-күйі, оймен сезімнің үндесуі лирикалық жанрлардың басты ерекшелігі болып табылады.

Ақын поэзияда қандай да тақырыпты алма-сын тереңдетіп алып кетеді. Ақынның қайсыбір өлеңі көп тақырыпты болып келеді. Бірнеше ұғым тақырыпқа бір өлеңде жауап беретіні де бар. Өлеңдерінде қайғы, мұң, дүние, өмір, бейнет, рахат деген ұғымдар лириканың «сюжетіне» тақырыптар ретінде алынып, олардың табиғатын ашады.

Ли Бай қай кезде де шындықтан қайтпай, адамзат баласын адастырар жолға түспеген. Өмір бойы адамзатты ар жолына сілтеумен өмір сүрді.

«Ақын тақырып таңдауға ерікті. Негізгі мәселе – ақынның сол алған тақырыбын идеялық-эстетикалық тұрғыдан шеберлікпен шеше алуында. Әрбір көзқарастағы, әрбір идеялық позициядағы ақындардың бір тақырыптың өзіне әртүрлі мазмұндық-көркемдік шешімдер беріп отыратындары да сондықтан» дейді ғалым Мырзабек Дүйсенов.

Әдебиеттер

1 Ахметов З. Идеялылық // Қазақ әдебиеті: Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан Р және ҒМ, Қазақстан Даму институты. 1999. – 750 б.

2 Чичерин А.В. Идеи и стиль. О природе потического слова // Советский писатель. – М., 1968. – 374 с.

3 Ахметұлы А., Бекзалбекқызы С. Елібай. Ли Бай. Ли Бо. Жинақ. – Алматы: «ҚазАқпарат», 2009. – 528 б.

4 Всемирная литература. От зарождения словесности до Гете и Шиллера. – М., Аванта, 2000. 15 том, – 361с.

5 Федоренко Н.Т. Китайская классическая поэзия. Эпоха Тан. – М., 1956. – 139 с.

6 Цитаты из всемирной литературы: справочник. – М., 2007. – 211 с.

7 黄益庸. 唐宋诗词八大家. -上海. 2004. – 357 页

А.К. Анипина

Идейно-тематическая основа в произведениях Ли Бая

Китайская поэзия – одна из древнейших национальных поэтических традиций в мире. Бессмертный гений поэзии Ли Бай принадлежит к числу самых почитаемых поэтов в истории китайской литературы и является одним из крупнейших мировых поэтов. Лирика Ли Бая характерна для всей древнекитайской поэзии. Произведение Ли Бая отличается необычайным разнообразием тем и жанров, простым и выразительным языком, вниманием к человеческой судьбе. Классик мировой литературы, обновивший и демократизировавший китайский стих, Ли Бай оказал определяющее влияние на развитие национальной поэзии. В данной исследовательской работе исследуются лирические произведения Ли Бая, его лирические образы.

Ключевые слова: поэзия, лирика, идея, стиль, мотив, творчество, метафора, конфуцианство, рационализм.

A.K. Anipina

Idea- thematic basis in works of Li Bai

Chinese poetry – one of the oldest national poetic traditions in the world. The immortal genius of poetry, Li Bai is one of the most respected poets in the history of Chinese literature and is one of the world's major poets. Lyrics of Li Bai is typical for the whole of ancient Chinese poetry. The product of Li Bai's extraordinary variety of different themes and genres, simple and expressive language, attention to human destiny. Classic of world literature, renewing and democratizing the Chinese poem, Li Bai had a decisive influence on the development of national poetry.

Therefore, this research investigates the lyrical works of Li Bai, his lyrical imagery.

Keywords: poetry, lyrics, idea, style, motivation, creativity, metaphor, Confucianism, rationalism.